

## Жаратылыстану-география факультеті, «Биология және экология» кафедрасының 2022-2023 оқу жылының кәсіби бағдар жұмысының жылдық есебі

2022-2023 оқу жылына кәсіби бағдар және үгіт-насихат жүргізу мақсатында "Биология және экология" кафедрасына жұмыс тобымен Орал қаласы бойынша № 3, 24, 30, 32, 36, 41, 44, 46, 47 мектептерінің түлектеріне кәсіби-бағдар жұмысын жүргізу үшін жауапты кафедрда оқытушыларын тағайындалды және кәсіби бағдар беру жоспарын құрастырылды.

«Биология», «Экология» салалары бойынша ғылыми-іздену конференцияларына мектеп ұстаздары мен оқушыларының қатысуын қамтамасыз ету және ғылыми жұмыстарына тарту мақсатында «Иванов оқулары – 2022» конференциясына шақырылды. Қала және аудан мектептерінің мұғалімдері ғылыми-зерттеу конференциясына қатысып, кафедра оқытушыларымен байланыс орнатылды. Мектеп оқушыларының қатысуын қамтамасыз ету және ғылыми жұмыстарына жетекшілік жасалынып, кеңестер берілді.

Қазан және қараша айларында кафедрамыздың БББ туралы үгіт-насихат жүргізу үшін қажетті материалдар жинақталып, жаңартылды. Үлестірме материалдары қайта өңделді, бейнебаян жаңартылды.



1-сурет. Кафедраның қайта өңделген үлестірме материалдары

Бекітілген мектептердің ата-аналар жиналыстары мен мектеп түлектерімен қатысып университеттің, факультеттің және кафедраның БББ туралы толық ақпарат беру жұмысы бойынша №3, 10, 36, 41, 44, 46, 47 ЖОББМ-нің түлектерімен кездесу жұмысы ұйымдастырылып жүзеге асты. Кездесуде презентациялар көрсетіліп, БББ туралы айтылды, М.Өтемісов атындағы БҚУ-нің білім бағдарламаларымен, тарихымен және мүмкіндіктерімен таныстырылды, қойылған сұрақтарға жауаптар берілді. Басым көпшілігі гранттар, оқу ақысы және білім бағдарламалары бойынша қызмет жасау салалары туралы сұрақтар қойылды.

08.11.22 № 3 ЖОББМ түлектерінің ата-аналар жиналысына қатысып, кафедраның БББ туралы ақпарат берілді.

09.11.22 №36-шы ЖОББМ мектеп түлектерінің ата-аналар жиналысына қатысып, кәсіптік бағдар беру жұмысы өткізілді. кафедраның БББ туралы ақпарат берілді.

Мектепте 2 сынып бар. 11 а сыныбы - 20 оқушы бағыты физика – география. 11 б сыныбы - 11 оқушының бейіндік пәні химия - биология. Ата-аналардың сұрақтарына жауаптар берілді.



2-сурет. № 3 ЖОББМ және №36 ЖОББМ ата-аналар жиналысы

16.11.22 № 47 ЖОББМ түлектерімен кездесіп, кафедраның БББ туралы ақпарат берілді. Барлығы мектепте 4 сынып бар. Оның 2 сыныбы (22+23 оқушы) химия-биология-география пәндерін таңдап отыр. Қалғандары физика- математика-информатика

30.11.22 № 46 ЖОББМ түлектерімен кездесіп, кафедраның БББ туралы ақпарат берілді. Барлығы мектепте 4 сынып бар. Оның 2 сыныбы (22 оқушы) химия-биология-география пәндерін таңдап отыр. Қалғандары физика- математика-информатика.



3-сурет. № 47 ЖОББМ және № 46 ЖОББМ мектеп түлектерімен кездесу сәті

07.12.22 №41-ші мектеп-лицейінде кәсіптік бағдар беру жұмысы өткізілді. Биылғы оқу жылында 2 сынып 58-түлек білім алуда. Негізгі бейіндік пәндері физика-информатика. Биология-химия-география таңтанан оқушылар да бар. Биылғы түлектерді біздің университет, кафедраның БББ-мен таныстырылды. Сұрақтарына жауаптар берілді.

16.11.22 №10 ЖОББМ түлектерімен кездесіп кафедраның БББ туралы ақпарат берілді. Барлығы мектепте 4 сынып түлектері бар. Оның 2 сыныбы (24-24 оқушы) химия-биология-география пәндерін таңдап отыр.

14.12.22 № 44 ЖОББМ түлектерімен кафедра оқытушысы Жамалиева Л.С. кездесіп, кәсіптік бағдар беру жұмысын атқарды.



4-сурет. № 41 ЖОББМ және № 10 ЖОББМ мектеп түлектерімен кездесу сәті

30.11.2022 ж. күні кәсіби бағдар алу мақсатында Бәйтерек ауданы Қасым Аманжолов атындағы ЖОББМ дан биология, география, химия таңдап отырған 10,11 сынып оқушылары келеді.



5-сурет. Бәйтерек ауданы Қасым Аманжолов атындағы ЖОББМ мектеп түлектерін факультетпен таныстыру сәті

Факультеттің кәсіби бағдар беруге жауапты оқытушылары факультетке экскурсия жасап, білім бағдарламаларымен танысып ақпарат берілді.

1 ақпан 2023 күні мектеп түлектеріне арналған факультет пен кафедраның БББ-мен таныстыру мақсатында № 13 ЖОББ мектеп түлектеріне топсеруен ұйымдастырылды. Сұрақтарына жауаптар беріліп, кафедраның БББ-лары таныстырылды. Оқушылардың қызығушылықтарын арттыру мақсатында гербарии қорымен, зоологиялық мұражаймен таныстырылды.

23 ақпан 2023 жылы жоспарға сай Орал қаласының және аудандарының ЖОББМ-нің 11-сынып оқушылары арасында «Биология» пәні бойынша пәндік олимпиада ұйымдастырылды. Олимпиаданың ұйымдастыру комитеті Орал қалалық білім беру бөліміне хат жолдап, мектептерге шақырту жіберген болатын.



6-сурет. «Биология» пәні бойынша пәндік олимпиаданың өту барысы

Олимпиадаға 31 қала және аудан мектептерінен 72 оқушы қатысты. Олимпиада құрылымы теориялық және практикалық бөлімдерден тұрды. Теориялық бөлімнен жоғары балл жинаған 16 оқушы келесі практикалық бөлімге жолдама алды. Бірінші және екінші бөлім арасындағы уақытта БГ-31, БГ-21, Б-21, Эко-21-1 тобының белсенді студенттерінің көмегімен мектеп түлектеріне демопрезентациялар дайындалып, кафедра БББ-ның буклеттері таратылып кәсіби бағдар беру жұмыстары жүргізілді.



7-сурет. «Биология» пәні бойынша пәндік олимпиадасының туралары арасында өткізілген кәсіби бағдар беру жұмысы барысынан көрініс

Олимпиада нәтижесі бойынша жүлдегерлер дипломдармен мен алғыс хаттармен марапатталды. Жүлделі I орынды Орал қаласы №41 МЛ-нің 11-сынып оқушысы Аккалиев Саят, II орынды №38 МЛ-нің 11-сынып оқушысы Қайырғали Ақбота және №20 мектеп оқушысы Тулебай Ибнмалик, III орынды №47 ЖОББМ-ң 11-оқушысы Тоғайбай Нарқыз, №16 ЖОББМ оқушысы Хапар Инабат және №40 ЖОББМ-ң 11-сынып оқушысы Серғали Айдана иеленді.

Пәндік олимпиадаға белсенді қатысқандары үшін №34 МГ-ның оқушысы Карипулла Наргиза, №27 МЛ-нің оқушысы Зиолла Ақниет, №9 ЖОББМ оқушысы Хабиев Адильбек, №43 ЖОББМ оқушысы Шайхатова Дильназ, №37 ЖОББМ оқушылары Еркінова Асылжан және Қуанғалиева Гүлнұр, №23 ЖОББМ оқушысы Адаева Дильназ, №2 ЖОББМ оқушысы Камашев Саясат алғыс хаттар табысталды.

Наурыз, сәуір айларында жоспардан тыс мектеп түлектерімен кездесулер өткізілді. Кездесу барысында кафедраның БББ, факультет тарихы мен құрылымы таныстырылды.

16 сәуір айында «Ашық есік» күніне орай мектеп түлектеріне арналған БББ туралы деопрезентациялар, топсеруендер ұйымдастырылды. Мектеп түлектеріне кәсіби бағдар беру жұмысы БГ-31 БББ-ның студенттерімен бірге жүргізілді. Кафедрамыздың білім бағдарламаларымен, университет мүмкіндіктерімен, жетістіктері туралы презентация көрсетіліп таныстырылым жасалды, Оқушыларға арнап интеллектуалды сайыс өткізілді.

БҚУ әлеуетті талапкерлерінің аясын кеңейту мақсатында әлеуметтік желісінде @geofak\_nomber\_one, Tik tok: geofak\_nomber\_one кафедраның аккаунтын жүргізу жұмыстары жүргізілуде және оқушыларға таныстырылуда. Биология және экология кафедрасының кәсіби бағдар беру жұмысы жоспарға сай жүргізілді.

Биология және экология кафедрасының кәсіби бағдар беру жұмысы жоспарға сай жүргізілді.

Құрастырған:

Кәсіби бағдар  
жұмысына жауапты оқытушы:

Бисенгазиева А.С.

Келісілді:

Биология, география, химия  
мұғалімдерін дайындау БББ жетекшісі :

Қожағалиева Р.Ж.

Маркетинг және кәсіби бағдар  
орталығының жетекшісі:

Аманбаев А.С.